	ХАТТАМА		
ИМЖ нысаны	F-05/MEM-R-11-09	Ред. 1	Бет. 13 из 6

**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бірінші басшысының 2022 жылдың қорытындысы бойынша еңбек ұжымы өкілдерімен есепті кездесу  
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау базасы

«28» ақпан 2023 жыл

Барлық қатысқан жұмыскерлердің саны: 50 қызметкер (39 - ӘПБ, 11 – «Ақтау» ӨЭУ)

Қатысушылардың пайыздық көрсеткіші – 100 %


**Жиналысқа қатысқандар:** Әкімшілікті персоналдармен басқару қызметкерлері,  
«Ақтау» ӨЭУ жұмысшылары

**Әкімшілік атынан қатысқандар:**

- 1) Косбаев Н.Р.- «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директоры;
- 2) Избасов Б.Н. – Бас директордың АРБЖЕА жөніндегі орынбасары;
- 3) Жанжигитова Г.Т. – Бас директордың қаржы және экономика жөніндегі орынбасары;
- 4) Аймағанбетов Д.У. – кәсіподақ төрағасы;
- 5) Сарсенбаев Р.К.- Қ,ЕжҚОҚБ бастығы;
- 6) Сагиндыкова Г. – ПБЖЕТТ жетекшісі;
- 7) Каланова Ш.Ж. – ӘӨТ жетекшісі;
- 8) Жангирханұлы Б. – ӨҚЖТ жетекшісі.
- 9) Тажибаев К. – ОӨЭБ бастығы
- 10) Байманасов Ж.А.- сапа жөніндегі аға инженер;
- 11) Шыныбаев Ш.М. – ПБЖЕТТ жетекші инженері;
- 12) Кудабаяев С.У. – ӨТБ бастығы;
- 13) Медетов Р.М. – ЖББ бастығы;
- 14) Тұманбай С. – ОӨЭБ көлік жөніндегі инженері;
- 15) Жентров С. – РҚАЖСҚ басшысы;
- 16) Нургалыев О. - Қ,ЕжҚОҚБ маманы.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бірінші басшысының есепті (2022 жылдың «01» қаңтары мен «31» желтоқсаны бойынша) кезеңде атқарған қызметтері және алдағы (2023 жылдың «01» қаңтары мен «31» маусымы бойынша) кезеңге мекеменің даму міндеттері туралы Есебі.  
Баяндамашы – «МЭМ» ЖШС Бас директоры Косбаев Н.Р.
2. Компанияның бөлім және топ басшыларының 2022 жылдың «01» қаңтары мен «31» желтоқсан аралығында атқарған жұмыс қорытындыларының Есептері (слайдтар түрінде).  
Баяндамашылар – бөлім, топ басшылары
3. Компания жұмысшыларының өндірістік және әлеуметтік – тұрмыстық сұрақ-ұсыныстары.

	ХАТТАМА		
ИМЖ нысаны	F-05/MEM-R-11-09	Ред. 1	Бет. 14 из 6

## ТЫҢДАЛДЫ:

**Жиналысты ашқан:** «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директордың АРБЖЕА орынбасары Избасов Б.Н.

## Күн тәртібінің 1 мәселесі бойынша:

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бірінші басшысы Косбаев Н.Р. еңбек ұжымы мүшелеріне 2022 жылдың «01» қаңтарынан «31» желтоқсан аралығындағы есепті кезеңде атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті, атап айтсақ:

- 1) өндірістік – экономикалық көрсеткіштер туралы;
- 2) инвестициялық жоспарлар туралы;
- 3) мекемедегі өндірістік мәселелер туралы;
- 4) еңбек тәртібінің жай-күйлері туралы;
- 5) оң нәтижелері көрсеткішті жұмыскерлер туралы;
- 6) мекемедегі өндірістік жарақаттану және кәсіби аурулар туралы;
- 7) өндірістік көрсеткіштерді орындау үшін сыйақы төлеу туралы;
- 8) жұмысшы кәсіптері бойынша жұмыскерлерді оқыту, біліктіліктерін арттыру, даярлау және қайта даярлау туралы;
- 9) әлеуметтік төлемдер, өтемақылар мен кепілдіктердің берілуі туралы;
- 10) кадрлық мәселелер туралы.

Сондай – ақ, «МЭМ» ЖШС Бірінші басшысы өз Есебінде төмендегі мәселелерді ұжым жұмысшыларына мәлімдеді:

- өндірістік міндеттемелер «ММГ» АҚ жұмыстары бойынша түрліше бағытта жоспарланып, жүргізілді;
- ЦППН бағытындағы жұмыстар кенорындарда ұйымшылдықпен орындалды;
- 2022 жылдан бастап еңбек жағдайларын жақсарту мәселесі бойынша бірталай жұмыстар қолға алынды, мекеме жұмысшыларының өз күшімен участоктарды қайтадан жаңғырту жұмыстары жүргізілуде;
- 2023 жыл басында «ҚМГ» АҚ ҰК Басқармасының қызмет есебі тыңдалды. «ҚМГ» АҚ тарапынан біздің компаниямызға зор жауапкершілік пен сенім артылды. Алдағы уақытта Маңғыстау өңірінің су тапшылығы мәселесін шешу мақсатында Өзен маңында салынатын су тұщыту жаңа заводының қызметіне біздің компания тандалынып алынды. Сондықтан бұл үлкен сеніммен берілген міндеттемені зор жауапкершілікпен орындау баршамыздың міндетіміз деп есептеймін және т.б. өндірістік мәселелер.

Бірінші басшының Есепті баяндамасы жұмысшы- қызметкерлермен толық тыңдалды, кездесуге қатысқан жұмысшылар тарапынан сұрақтар қойылған жоқ.

## Күн тәртібінің 2 мәселесі бойынша:

«МЭМ» ЖШС қызметкерлері ұжымның бөлім және топ басшылары 2022 жылдың «01» қаңтары мен «31» желтоқсаны аралығында атқарылған жұмыстардан төмендегі мазмұнда слайд ақпараттарымен танысты, атап айтсақ:



## ХАТТАМА

ИМЖ нысаны

F-05/MEM-R-11-09

Ред. 1

Бет. 15 из 6

### 1. Кудабаяев С.У. – ӨТБ бастығы:

- 2022 жылға белгіленген мекеменің өндірістік жоспарларының жылдық орындалу барысына талдау (толығымен);
- Қаламқас және Жетібай кенорындары бойынша өндірістік міндеттемелерді орындау барысында ұйымдастырылған шаралар және орындау барысында кездескен өндірістік проблемалар;
- ОСК, МТК, ОКК, УДТВ бағытындағы атқарылған өндірістік жұмыстардың көлемі;
- ММГ нысандарының сенімділігін арттыру барысындағы шаралардың топтамасы;
- ОКК бағытындағы жұмыстардың орындалу барысындағы табысты жұмысты ұйымдастырудағы кездескен қиыншылық түрлері;
- ГТЭС ӨҚ қолданысындағы атқарылған жұмыстар;
- Бөгде мекемелермен 2022 жыл ішінде атқарылып, пайда әкелген жұмыстарды ұйымдастыру бағыттары;
- негізгі өндірістік проблемаларды шешу бағытындағы ұйымдастырылып жатқан негізгі өндірістік жұмыстар.

### 2. Басбаева Н.А. – БЖЖЭТБ бастығы:

- «ММГ» АҚ бағытында атқарылған қызмет түрлерінен түскен табыс түрлері және әлі де толық есептесулердің аяқталмау себептері;
- «ҚМГ» ҰК АҚ еншілес компанияларымен («ОСК» ЖШС, «ОТК» ЖШС, «ОКК» ЖШС, «МТК» ЖШС) атқарылған жұмыс көлемдерінен түскен табыс мөлшерінің жұмсалу бағыттары;
- «ҚМГ» ҰК АҚ басқа да еншілес ұйымдарымен жасалған Келісім шарттар негізінде атқарылған жұмыстар көлемдерінің табыстары және оларды шығындау;
- электр қондырғыларын жаңаландыру, реконструкциялау, электр қондырғыларын капиталды жөндеу бағытындағы компанияның жалпы шығыны;
- түрлі компанияларға көрсетілген техникалық қызмет көрсету түрлерінен түскен түсімдер және өндірістік қажеттілікке байланысты шыққан шығын түрлерінің көбею салдары;
- мекеменің инвестициялық жоспарының орындалысы, экономикалық және өндірістік шығындардың түрлері мен табыс көздерінің қолданылулары және т.б. экономикалық мәселелер.

### 3. Сарсенбаев Р.К. - ҚЕЖҚОҚБ бастығы:

- 2022 жылдың «01» қаңтары мен «31» желтоқсаны ішінде мекемеге жүргізілген қауіпсіздік техникасы бағытындағы ведомстволық бақылау қорытындылары және оларды жою жолында атқарылған жұмыс бағыттары;
- 2022 жыл ішінде компанияда апаттық жағдайдың тіркелмегендігі және «ҚМГ» ҰК АҚ «2022 жыл - 0 травматизм» ұстанымының толық орындау барысында жыл ішінде атқарылған қауіпсіздік шаралары;
- қызметкерлерді ауысымалды дәрігерлік тексеру бағытында атқарылған жұмыс көлемі және осы тексерістерден туындайтын атқаруға тиісті шаралардың орындалуы;
- кезеңді көктемгі 2022 жылдық дәрігерлік тексеру қорытындылары және осы қорытынды бойынша диспансерлік есепке алынған қызметкерлерді емдеу барысында жүргізілген шаралар («Еркемед» ЖШС емханасымен);
- жұмысшы орындарының қауіпсіздігін сақтау барысындағы өндірісте ұйымдастырылған шара түрлері;
- жұмысшыларды құрал – жабдықтармен, арнайы киімдермен қамтамасыз ету бағытындағы атқарылған жұмыстардың көлемі;
- жұмысшыларды мамандандыру бағытында оқыту мәселесі бойынша ұйымдастырылған шаралар;



## ХАТТАМА

ИМЖ нысаны

F-05/MEM-R-11-09

Ред. 1

Бет. 16 из 6

- қоршаған ортаны қорғау Ережелерінің сақталу бағыттарында атқарылған жұмыстар.

#### 4. Сагиндыкова Г. – ПБЖЕТТ жетекшісі:

- еңбекте жоғары көрсеткіштер көрсеткен жұмыскерлер тізімі;
- жұмыскерлердің еңбек тәртібі ережелерін сақтау жағдайлары ;
- мамандар мәселелері туралы;
- мекеме жұмыскерлерін оқыту, кері оқыту және біліктілігін арттыру мәселелері;
- мекеменің кадрлық оқыту мәселесі, оның сапалық құрамы және т.б. мамандар туралы диаграммалық суреттер.

#### 5. Шыныбаев Ш.М – ПБЖЕТ жетекші маманы:

- 2022 жыл ішінде өндірістік көрсеткіштердің орындалуына орай ӨП жұмыскерлеріне берілген сыйақы көлемінің жалпы қаражаты;
- Серіктестіктің жалпы қызметкерлерінің саны мен олардың құрамдық мәліметтері;
- тәртіптік жазаға тартылған жұмыскерлерге қолданылған шаралар;
- ӨПБ қызметкерлерін 2022 жыл ішінде тиісті сыйақыландыру қаражатының жалпы көлемі;
- ҰШ аясында мекеме тізіміндегі зейнеткерлерге, зейнеткер-әйелдерге берілген мерекелік төлем түрлері;
- ҰШ аясында Серіктестік қызметкерлеріне (ӨҚ және ӨПБ) төленген барлық мерекелік сыйақы түрлері;
- ҰШ Қосымшасы бойынша 2022 жылдан бастап берілген сыйақы қаражаты.

#### 6. Жангирханұлы Б – ӨҚЖТ жетекшісі:

- мердігерлік мекемелерде жұмыс жасайтын қызметкерлер табысының дұрыс төленуіне жүргізілген тексерістердің бағыты;
- ЖК және ЖШС жұмыс жасайтындарға берілетін әлеуметтік төлемдердің орындалу бағыттарын тексеру қорытындылары;
- Тапсырыс берушілердің міндеттемелерінің 2022 жыл ішінде орындалу барысы;
- өндірістік қатынастар жөніндегі топтың 2022 жылда атқарған қосымша жұмыс түрлері.

#### 7. Байманасов Ж.А. - сапа жөніндегі аға инженер:

- «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директорының 22.06.2022 жылғы №74 бұйрығымен энергетикалық менеджмент жүйесінің құжаттарын эзірлеу және енгізу жөніндегі жобаны іске асыру мақсатында құрылған Жұмыс тобының жұмысы;
- <https://www.iso.org/ru/iso-50001-energy-management.html> ресми сайтының жұмыс жасайтындығын қызметкерлерге ескерту және қажетті мәселелерді қолдану жақтары;
- энергия тиімділігін енгізу ұйымға ақшалай қаражатты, сондай-ақ ресурстарды үнемдеуге көмектесетінін және климаттық өзгерістер деңгейін төмендетуге ықпал ететінін, ISO 50001:2018 салаға немесе ұйым көлеміне қарамастан өзінің энергетикалық көрсеткіштерін жақсартуға жұмыстанатынын жалпыға түсіндіру;
- қызмет көрсету сапасын арттыру, тұтынушылардың қанағаттанушылығы мен сеніміне қол жеткізу, сондай-ақ мұнай кәсіпшілігіне қызмет көрсететін компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ МСЖКШКЖЖД «Мұнай және газ өнеркәсібі саласындағы қызмет көрсетуші ұйымдар үшін сапа менеджменті жүйелеріне қойылатын талаптар ерекшелігі» API spec Q2 енгізілген халықаралық стандарттың орындалу



## ХАТТАМА

ИМЖ нысаны

F-05/MEM-R-11-09

Ред. 1

Бет. 17 из 6

барысы, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС қызметінде аталған стандарттың талаптарын енгізу бағытындағы жұмыстардың жүргізу қажеттілігін түсіндіру:

- <https://www.api.org/> - ресми сайттың жұмыс жасайтындығын қаперге беру;
- Halliburton, Baker Hughes компанияларының әлемнің түрлі елдеріндегі бөлімшелері және де бірқатар трансұлттық мұнай сервис қызметтерін көрсететін компаниялар API Q2 сәйкестігіне сертификатталуының мағынасын түсіндіру;
- мұнай кәсіпшілік қызметтері бизнесінің «алыптары» стандартты әзірлеуге қатысып қана қоймай, сонымен қатар белсенді түрде сертификатталғанын ескере отырып, мұнай кәсіпшілігі қызметтерінің тұтынушылары өз қызмет көрсетушілерінен осы стандарт талаптарын сақтауды күннен – күнге талап ету қажеттілігін айту.

### 8. Аймағанбетов Д.У. – кәсіптік ұйымның төрағасы, «Ақтау» ӨЭУ бастығы:

«МЭМ» ЖШС Бірінші басшысының 2022 жыл ішіндегі Есепті баяндамасынан компанияның экономикалық – әлеуметтік дамуы жолындағы атқарылған жұмыс түрлерімен таныстық. Атқарылған есепті кезеңдегі жұмыстар алдымен ынтымағы жарасқан еңбек ұжымының қол жеткізген жетістіктері. Осы орайда кәсіподақ комитетінің де 2022 жыл ішінде атқарған жұмыс ауқымы да бірталай. Жұмысшылардан түскен кәсіподақ мүшелерінің ортақ қоры түрлі саладағы материалды көмектерге, түрлі мерекелік шараларға, серіктестік тізіміндегі зейнеткерлерге ұйымдастырылған шараларға, спорттық сайыс жүлдегерлерін ынталандыруға, өндірістегі спорттық жайларды жаңаландыруға және т.б. салаларға жұмсалуда. Алайда берілген көмектермен ғана шектелмей кәсіподақ комиеті 2023 жыл ішінде еңбек қауіпсіздігін сақтау және жұмысшылардың еңбек жағдайын жасау саласына да жаңа бастамаларды атқару шараларына араласатынын ескертемін. Есепті кезең 2022 жыл ішінде мекеменің бүкіл қызметі мен өндірісті ұйымдастырудағы Бірінші басшының атқарған қызметіне «қанағаттанарлық» деп баға беремін».

### Күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша:

Қызметкер - жұмысшылардан түскен сауалдар:

Сұрақ: «Қызметкерлерге және оның 2 жанұя мүшелеріне 2023 жылғы көрсетілетін дәрігерлік қызмет қалай ұйымдастырылды?»

Жауап: «Тендер қорытындысы бойынша 2023 жылдан бастап дәрігерлік қызмет көрсететін компания «Фирма Ча Кур» ЖШС 3 жылдық Келісім Шартқа отырды. Мекеме жұмысшыларын 0 қабат, 2 кабинетте арнайы цех дәрігері қабылдайды. Бекітілген тізімдегі қызметкерлер мен оның жанұя мүшелері барлық ем түрлерін дәрігерлердің жолдамасы бойынша ала алады».

Басқа сұрақтар түскен жоқ.

Басқа сөйлеушілер болған жоқ.

Жиналыстың күн тәртібіндегі белгіленген барлық мәселелері толығымен қаралды.

Ұсыныс – пікірлер, сұрақтар түскен жоқ.



ИМЖ нысаны

## ХАТТАМА

F-05/MEM-R-11-09

Ред. 1

Бет. 18 из 6

### ЖИНАЛЫСТЫҢ ШЕШІМІ

1. «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бірінші басшысының 2022 жылдың «01» қаңтары мен «31» желтоқсаны бойынша Есебін басшылыққа ала отырып, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бірінші басшысының есепті кезеңдегі атқарған жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Жұмысшылардың өндірісті ұйымдастыруда және тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлар барысындағы айтылған ұсыныстары жұмыс барысында ескерілсін.

Жиналыстың төрағасы

Жиналыстың хатшысы

Косбаев Н.Р.

Сарсенгалиева Р.С.